

**Астана қаласы әкімдігінің №87 «Қадыр» балабақшасының  
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қылмыс жасауға және басқада заң  
бұзушылықтарға ықпал еткен жағдайларды жою» тақырыбындағы  
жиналыстың хаттамасы**

№ 1 хаттама

**Тақырыбы:** «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қылмыс жасауға және басқада заң бұзушылықтарға ықпал еткен жағдайларды жою»

Өткізілген күні: 10.09.2025 жыл

Төрайымы: Аханова Л.Ж.

Хатшы: Женсбекова А.С

Қатысқандар: 31 адам

**Күн тәртібі**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссияның жұмыс жоспарын әзірлеу.

/Жауапты: меңгеруші Аханова Л.Ж./

2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қылмыс жасауға және басқада заң бұзушылықтарға ықпал еткен жағдайларды жою»

/Жауапты: әдіскер Умбетова Г.Е./

**I.**

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша Комиссия төрағасы Аханова Л.Ж. сөз сөйледі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша іс-шаралар жоспарының жобасын карау туралы ұсыныс жасады.

Ашық дауыс беру арқылы жоба мақұлданды:

«жактаган» 31 адам, «карсы» 0, «қалыс қалган» 0.

**II.**

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша Әдіскер А.Казалиева «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қылмыс жасауға және басқада заң бұзушылықтарға ықпал еткен жағдайларды жою» баяндамасын оқиды.

-Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңдық сараптама жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық сипаты бар нормаларды анықтауды;

-сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды калыптастыруды және сақтауды;

-қаржылық бақылауды;

-сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді,

-мүдделер қақтығысын болғызбауды және шешуді,

-кәсіпкерлік саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын; - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді;  
-сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлауды; -сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарларын жоюды;  
-Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы қалыптастыруды және жариялауды қамтиды. Сондай-ақ өз сөзінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының әр жүйесіне тоқталып түсініктеме беріп өтті.

Сөз сөйледі: Кәсіподақ төрайымы У.Байтугелова сыбайлас жемқорлық саясатының мақсаттары мен міндеттерімен таныстырып өтті:

- 1.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру, оның алдын алу көріністерін азайту.
2. Құқықтық мәдениет деңгейін жоғарылату, құрылымдық және коғамдық ұйымдардың жұмысын қамтамасыз ететін қабылданған шешімдердің ашықтығы және жариялылығы.
3. Оқу-білім үрдісінде педагогтар мен ата-аналар тарапынан болатын келеңсіз әрекеттердің алдын алу және оларға қатаң бақылау қою.

Әр педагог білуі тиіс:

Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық пен күрестің нормативтік құқықтық базасын;

-Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық үшін жауапкершілікке тартылу тәртібі;

-Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу және жол бермеу;

-Сыбайлас жемқорлыққа байланысты әр түрлі іс-әрекеттерге қарсы шығу. Кәсіподақ төрайымы У.Байтугелова бүгінгі тақырып негізінде, сөзімді «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қылмыс жасауға және басқада заң бұзушылықтарға ықпал еткен жағдайларға жою» деп қорытындылады.

### **Шешімі:**

1. №87 «Қадыр» балабақша ұжымы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссияның жұмысын колданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жалғастырылсын.

Төрайымы  Аханова Л.Ж

Хатшы  Женсбекова А.С

